

Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы

Ұлттық байланыс және хабар тарату спутниктік жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін жасау және ұшыру туралы ұсынысына (бұдан әрі - жоба) келісім берілсін.

2. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Ғарыштық байланыс республикалық орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-1. Қоғам мыналарды ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым болып белгіленсін:

1) ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату аппараттарын және олардың ұшуын жерден басқару кешенін пайдалану;

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н ;**

3) байланыс ғарыш жүйелерінің, оның ішінде байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутниктерінің және ғарыш аппараттарын басқарудың жер үсті кешендерінің техникалық тапсырмалары мен техникалық-экономикалық негіздемелерін **ә з і р л е у .**

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.18 N 1044 , өзгерту енгізілді - 2006.03.23 N 200 , 2007.10.31 N 1023, 2008.04.17 N 362, 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3. Жүктелген өкілеттіктерді іске асыру үшін Қоғам мынадай қызметті жүзеге **а с ы р а д ы :**

1) радиожилік спектрінің радиомониторингі жүйесін және азаматтық мақсаттағы радио сәуле шығарушы құралдардың деректерін есепке алу жүйесін техникалық **с ү й е м е л д е у ;**

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа **е н г і з і л е д і)** **Қ а у л ы с ы м е н ;**

3) ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату аппараттарын әрі олардың ұшуын жерден **б а с қ а р у** **к е ш е н і н** **п а й д а л а н у ;**

4) ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату аппараттарының транспондерлерін ұсыну;

5) халықаралық шарттар негізінде байланыс мәселелері бойынша халықаралық қызметті жүзеге асыруға қатысу.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.18 N 1044, 2008.04.17 N 362, 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
Қоғам жарғысының бекітілуін;

Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне Қоғам акциялары мемлекеттік пакетінің берілуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды қамтамасыз етсін.

6. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшыру жөніндегі сатып алудың Қазақстан Республикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер көрсетудің жеткізушісі болып Ресей Федерациясының - "М.В . Хруничев атындағы ғылыми-өндірістік орталық" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (бұдан әрі - Жеткізуші) белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі және Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі 2004 жылғы 5 қаңтарға дейін Телекоммуникациялық спутнигін жасауға және бірге жүретін ғарыштық аппараттарды жерден басқару мен байланыс мониторингі жүйесі кешенін геостанциялық орбитаға жеткізуге арналған келісім-шартқа (бұдан әрі - Келісім-шарт) техникалық тапсырманы дайындасын және оны Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі және Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі ұсынған техникалық тапсырманың негізінде "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) Жеткізушімен Келісім-шарт жасасуын;

Қордың "Қазсат" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Қазсат" АҚ) құруын;
Келісім-шарт бойынша Қордың құқықтары мен міндеттемелерінің "Қазсат" АҚ-ға
берілуін қамтамасыз етсін;

"Қазсат" акционерлік қоғамы мен Жеткізуші арасындағы Келісім-шарт бойынша міндеттемелер аяқталғаннан кейін ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін, бірге жүретін ғарыштық аппараттарды жерден басқару кешенін және байланыс мониторингі жүйесін иелену және пайдалану құқығын Қоғамға беруді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.18. N 1044 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігімен бірлесіп 2005 жылға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшыруға, оның ішінде Қордың байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшыру жөніндегі шығындарды өтеуге қаражат бөлінуі туралы мәселені Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыстарды орындаудың бірінші кезеңінен бастап Қоғамның тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді ықтимал жеткізушінің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауын техникалық бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.18. N 1044 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай
толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-52-жолмен
толықтырылсын:

"21-52 "Ғарыштық байланыс және радиоэлектронды құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен

мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 278-жолмен толықтырылсын:

"278 "Ғарыштық байланыс және радиоэлектронды құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ".

12. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

13. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі